

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 шілдедегі N 748 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 553 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды, ақпараттандыру процестерін қалыптастыру мен дамыту және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1998 ж., N 50, 473-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 )            1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары бойынша қызметті үлестіру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мыңбаев

- Қазақстан Республикасы

Саят Мұхаметбайұлы  
төраға;

Премьер-Министрінің орынбасары,

Смағұлов

- Қазақстан Республикасы

Қайрат Молдрахманұлы

Премьер-Министрінің Кеңесі

Басшысының орынбасары, төрағаның  
орынбасары;

Канешев

- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру

Біржан Бисекенұлы  
төрағасы, төрағаның орынбасары;

және байланыс жөніндегі агенттігінің

Жандосов

- Қазақстан Республикасы Табиғи

Ораз Элиұлы

монополияларды реттеу және  
бәсекелестікті қорғау жөніндегі  
агенттігінің төрағасы

(келісім бойынша);

Келімбетов

- Қазақстан Республикасының Экономика

Қайрат Нематұлы

және бюджеттік жоспарлау министрі;

- Нығматулин - Қазақстан Республикасының Көлік және  
 Нұрлан Зайроллаұлы коммуникациялар вице-министрі;
- Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрія  
 Эсет Өрентайұлы және сауда вице-министрі;
- Тәжияқов - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
 Бисенгали Шамғалиұлы Банкі Төрағасының орынбасары (келісім  
 бойынша);
- Маханбетәжиев - Қазақстан Республикасы Экономика  
 Батыр Әпенұлы және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
 Ақпараттандыру және инновациялар  
 саласындағы шығыстарды жоспарлау  
 департаментінің директоры;
- Баяділов - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік  
 Ерғали Мұхаметжанұлы Кеңесі Хатшылығының мемлекеттік  
 инспекторы (келісім бойынша);
- Шалахметов - "Қазақ ақпарат агенттігі  
 Ғаділбек Минажұлы (Қазақпарат)" ұлттық компаниясы"  
 ашық акционерлік қоғамының  
 президенті;
- Кәрентаев - Қазақстан Республикасы  
 Ермек Амангелдіұлы Премьер-Министрі Кеңесінің  
 Өндірістік сала және инфрақұрылым  
 бөлімі өндірістік инфрақұрылым  
 секторының менгерушісі, хатшы;

**м ы н а :**

- "Досаев - Қазақстан Республикасы Табиғи  
 Ерболат Асқарбекұлы монополияларды реттеу және  
 бәсекелестікті қорғау жөніндегі  
 агенттігінің төрағасы"  
 деген жолдағы "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу  
 және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің төрағасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

**м ы н а :**

- "Нәлібаев - Қазақстан Республикасы  
 Әбдіқалық Зәкірұлы Премьер-Министрінің Кеңесі  
 Басшысының орынбасары"  
 деген жолдағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі  
 Басшысының орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
 сатып алу жөніндегі агенттігінің төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

м ы н а :

"Есекеев  
Қуанышбек Бақытбекұлы" - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Ақпараттандыру саясаты және инновациялар департаментінің директоры"  
деген жолдағы "Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Ақпараттандыру саясаты және инновациялар департаментінің директоры" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры" деген сөздермен ауыстырылсын;

м ы н а :

"Слободянюк  
Анатолий Ануфриевич" - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі менгерушісінің орынбасары - ақпараттық қорғау секторының менгерушісі, хатшы"  
деген жолдағы "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Бақылау және құжаттық қамтамасыз ету бөлімі менгерушісінің орынбасары - ақпараттық қорғау секторының менгерушісі, хатшы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі менгерушісінің орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген құрамнан Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы, Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы, Бисенбаев Асылбек Қынарұлы, Марченко Григорий Александрович, Нағманов Қажымұрат Ыбырайұлы, Нигай Эдуард Михайлович, Есенгараев Асқар Батылханұлы, Құсайынов Әблілғазы Қалиақпарұлы, Евсюков Александр Васильевич, Қыпшақбаев Әбдел Исаұлы, Құрманғалиев Серік Шолпанқұлұлы, Тілешев Ізетәлі Шаймерденұлы шығарылсын;

2) көрсетілген қауыммен бекітілген Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстарды және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары бойынша қызметті үйлестіру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

2 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы он үшінші және он төртінші абзацтармен

## **Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н :**

"бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуге, құруға және дамытуға, сондай-ақ есептеу техникасымен қамтамасыз етуге байланысты кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің шығыстарын жоспарлау жөніндегі ұсыныстарының сапалы және жан-жақты сараптамасын жүргізуді қамтамасыз етеді;

Республикалық бюджет комиссиясына ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу, құру және дамыту бағдарламаларын қаржыландыру көлемдері бойынша түпкі шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік органдарды ақпараттандыру саласында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстары бойынша ақпараттық-ұсынымдық сипаттағы қорытындыны ұсынады";

5-тармақтағы "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

12-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*